

ӘДЕБИЕТТАНУ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

ӘОЖ 82:801.6; 82-1/-9

Ж. Аймұхамбет

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың ф.ғ.к., доцент, Астана, Қазақстан

Түйе түлігінің ұлттық поэзиядағы поэтикалық болмысы

Аңдатпа. Мақалада қасиетті түлік – түйенің ұлттық поэтикалық танымдағы көркем бейнесі Е. Раушанов өлеңдері негізінде талданады. Түйені түрлі бейнелеулер мен суреттеулерге арқау ете отырып, оны ұлттық болмыс пен мінезді танытудағы көркем детальға, поэтикалық бейнеге айналдырып, ұлттық поэзияның көркемдік көкжиегін кеңейткен ақынның шеберлігі туралы тұжырымдар айтылады.

Түйінді сөздер. Поэтикалық фауна, ұлттық дәстүр, ұлттық поэзия

Әдебиеттегі жануарлар бейнесі – гуманистік сана-сезімнің айнасы десе де болғандай. Осы ойда айта отырып, орыс әдебиеттанушысы М. Эпштейн ежелгі мәдени шығармашылықтың пайда болуы жануарлар культімен, оларды бейнелеумен тығыз байланысты дейді. Оған дәлелдер көп. Мәселен, Франция мен Испанияның палеолит дәуіріндегі ескерткіштерінің 80%-ында жануарлар бейнеленген [1, 7]. Ұлттық рухани мәдениетіміздің өткеніне көз жіберсек, жануарлар адамның сенімді серігі, ішсе тамағы, кісе киімі, жүк артатын, мініс көлігі болумен ғана шектелмеген. Олар белгілі дәрежеде киелілік сипатқа ие, тотемдік дәрежеде болған. Күллі түркі тайпалары өздерін көкбөріден тарағанбыз деп есептесе, аққу, қаз сияқты құстар мен киік, бұғы, арқар, т.б. аңдар киелі саналған. Әлем және орыс поэзиясында жануарларды арқау еткен, оларды көркем бейне дәрежесіне көтеріп, символдық сипат дарытқан туындылар көп. Қазақ поэзиясы да бұл жағынан кенже қалмаған. Фольклорлық мұралар мен жазба поэзиядан жануарларға қатысты классикалық үлгілерді көптеп табуға болады. Біздің тоқталарымыз – Есенғали Раушанов поэзиясындағы жануарлар бейнесі.

Ақынның поэтикалық фаунасы соншалықты бай. Төрт түлік мал, аңдар мен құстар да көркемдік кеңістікті еркін жайлап, түрлі қызмет атқарған. Мифтік әңгімелерде көп айтылатын, халық ұғымында қастерлі де құрметті орынға ие қарлығаш пен көгершін, бүркіт пен лашын, қаз бен үйрек, қасқалдақ пен сұңқар, т.б. құстар

ұлттық мінез бен болмысты, рух еркіндігі мен азаттықты бейнелеуде маңызды роль атқарған. Сондай-ақ үй жануарлары мен жабайы аңдар да тиісінше ишараланған, түспалданған түрлі көркем бейнелер дәрежесінде көрінеді.

Есенғалидың ұлт ақыны ретіндегі болмысын таныта түсетін бірегей мысал – оның поэзиясында қазақы тұрмыс-тіршіліктің, салт-сананың бейнесі болып табылатын түйе мен жылқы түлігінің көп жырлануы дер едік. Көшпелі тірлік кешкен халықтың жүк артатын һәм мініс көлігі түйе мен жылқының сонау көне замандардан жеткен мифтік танымдағы бейнелерінің де мәні терең.

Архетиптік ойлау жүйесінің көркемдік танымдағы маңызды орны бізге ұлттық әдебиет үлгілерімен қатар әлемдік әдеби мұралардағы сан тарапты символдық-поэтикалық бейнелер мен сюжеттер, көркемдік тәсілдер арқылы белгілі. Ұлттық дәстүрлі мәдениетті сақтауда, оны заман ағымында жадымызға жаңғыртуда негізгі тірек осы архетиптер. Біздің түркілік түп бейнелер санатындағы түйе мен жылқы түліктері ерен күш пен беріктіктің, төзімділіктің, ұшқырлықтың символы ретінде де кең таралған.

Түйе түлігі ақын өлеңдерінде жиі кездеседі. Бірқатар өлеңдері тұтасымен осы киелі жануарға арналған. Олар: «Қара бура», «Тағы да түйе туралы», «Түйекеш».

Түйе түлігіне қатысты атаулардың тура және ауыспалы мағынада, көркемдегіш әрі бейнелеуіш тәсіл ретінде, ұнамды және ұнамсыз сипатта қолданылуын сандық жағынан

сараласақ, ол төмендегідей: Ойсылқара – 2, түйе – 10, інген – 10, аруана – 4, бура – 25, үлек – 12, нар – 20, қоспақ – 1, көрт – 7, қылағай – 3, атан – 5, бота – 17, тайлақ – 6, мая – 7, қай-малша – 2.

Мифтік әңгімелерде түйе мінген адам – тылсым дүниемен тығыз байланысы бар, ерекше қасиетке ие жан. Қорқыттың өлімнен қашқанда Желмая мінуі, Асан қайғының Жерұйық іздеп жер шалғандағы мініс көлігі Желмая болуы, Заратуштра есімінің түйемен байланысты болуы, Мұхаммед ғ.с., Әзірет Әлі, Қожа Ахмет Иассауи сияқты діни қаһармандардың ақ түйесі, Қабанбай батыр рухын бақиға ақ түйенің алып кетуі осының мысалы. «Ер Төстік» ертегісінде Кенжекей «не Төстік өлген күні немесе келген күні боталарсын» деп, Құба інгенмен серттеседі. Айтқанындай, Құба інген Төстік оралған күні боталайды. Мифтік сипат иеленген түйе малының ұлттық әдебиетіміздегі бейнесі тек ұнамды сипатта ғана емес, ұнамсыз сипатта да көрінген. Мысалы: қоспақ, қылағай, көрт сияқты түйенің нашар тұқымдары әлсіздікті, ұсақтықты бейнелеуде қолданылады. Махамбет өлеңіндегі «Сендей нарқоспақтың баласы» тіркесі Баймағамбетке деген кек пен ызаны, сұлтанның қандай адам екенін аңғартады.

Есенғали өлеңдерінде сандық өркеш сары нар, шабынған үлек, ақ мая, кер үлек, қара бура ерен күштің, текті намыстың бейнесі болып жырланады. Дәстүрлі танымдағыдай, көрт, қылағай, қоспақ сол ұнамсыз сипатта көрінген. Сондай-ақ үлек те ауыспалы мағынаға ие болып, екінші бір ұғымды бейнелеуде метафоралық-символдық қызмет атқарған. Түйе түлігі табиғат көріністері мен құбылыстарын суреттеуде де маңызды орын алып, ақынның поэтикалық фаунасының ұлттық бояуын ерекше айшықтаған. Табиғат көркіне ақындық көзбен зер салғанда, ақын ондағы құбылыс пен көріністі түйе малына қатысты ұғымдармен беріп, жаңаша суреттеулер жүйесін жасаған. Аспанда көшкен бұлттар легін:

Күркіреп бұлттар желер әрлі-берлі
Жараған жазғытұрым буралардай [2, 12], –
деген теңеумен берсе, шалғынды да сол ауқымда жырға қосады:

Інгеннің сан шудасы секілденіп,
Ұйысқан шалғыныма бір аунайын [2, 12].

Бұлтты бураға, шалғынды інгеннің сан шудасына балаған ақын енді бір өлеңінде («Бесікмола») құм төбешіктерге толы даланы ботаның өркешіне ұқсатады:

Шөгегендей қаз қатар жүз ботаны

Өркеш-өркеш құмды айтам сізге тағы [2, 19].

Құмды даланы түйе өркешімен бейнелеу ақын өлеңдерінде тұрақты түрде көрініс береді:

Жарбай өркеш жатаған құм,
Жатты ыңырсып түнімен [2, 94].

Сағыныш пен қимастықтың мекені болған сары дөң Есенғали лирикасындағы поэтикалық символдардың бірі болса, сол сары дөңді де сүйікті жануары – түйемен байланыстыра жырлайды:

Саратан сартап еткен сары дөңім,
Санамнан бір шықпайсың әлі менің.
Дірілдеп сүт тайлақтың өркешіндей,
Ішінде ақ сағымның қалып едің [2, 90].

Күмбез де «жер тартып кеткен ақ нардың дулығасы» болып көрінген:

Сан бояу сан құбылып не түрге еніп,
Күмбез түр құбылаға бетін беріп.
Жер тартып кеткен сонау мешін жылы
Ақ нардың дуылғасы секілденіп [2, 64].

Жараған бурадай күркіреген бұлт енді бірде «кер мая» эпитетімен айқындалады:

Кер мая бұлт исінбей
Кезеді біздің кең сорды [2, 233].

Табиғаттағы құбылыс пен нысанның дерлік түйеге қатысты ұғымдармен бейнеленуіне тағы бір мысал:

Саулы інгеннің үрпіндей жұмсақ желге
Ботакөз-көл жаудырап тосты ерінін [2, 50].

Тек табиғат қана емес, сезімдік ахуал да ақын тілінде осы тәсілмен өрнектелген. Лирикалық кейіпкер «жез бұйдалы нар тайлақ» метафорасымен кейіптеліп, анаға деген перзенттік сезімді айғақтаса, өткен шақтың еншісінде кеткен іңкәр жанға деген махаббат «тұлыпқа кеп иіген аруана» теңеуімен суреттеледі:

Желдеп кетіп қайта келді
Жез бұйдалы нар тайлағың [2, 16].

Тұлыпқа кеп иіген аруанадай
Сенің суық ерніңнен іздедім от [2, 28].

Ұлттың мінез бен болмысты танытуда да ақын түйені поэтикалық кеңістігінің нысанына алған. Желтоқсан жайлы бір өлеңінде ұлттық рух бұлқынысы мен мінезді бейнелеуде түйе өзіндік орын иеленген. Намыстың, ызаның ширығуын танытуда желтоқсан айын шабынған үлекті мінген қалыпта кейіптейді.

Желтоқсан деген бір ай бар,
Шабынтып мінген үлекті [2, 130].

Екі жүзді саясаттың құрбаны болған, заманың қыспағына түскен сол ашу-ызаның шарасыз халін нардың үлек қалпынан айрылып,

көртке ұқсауымен бейнелей отырып, кешегі тарихи оқиғаның қасіретін түспалдайды:

Кеп-кеше мықты секілді ек,

Көртке ұқсап қалды жүдеп нар [2, 131].

Желтоқсан айының көрсеткен мінезі үлек пен көрттің аралығында өзгеріске түссе, «Еркем Тамыз...» деп басталатын өлеңде бұл айды жан-жүрекке жақын тұтып, «бота» метафорасымен танытады:

Қандай теңеу тапсам деймін ботама [2, 163].

Түнгі айдың бір мезеттік қалпын «арық үлек тобығына» теңейді:

Арық үлек тобығындай бұлтылдап,

Бұлт ішінде батып шүміп барады Ай [2, 230].

«Енші бөлу» өлеңінде ұлттық салт дәстүрдегі қалыптасқан ғұрыпты бабаның балаға бата беру сөзі түрінде толғай отырып, түйе малына екі мәрте сөз арнайды:

Келеден бөлдім жас атан

Келеді ол қашса ел жаққа

От басқан тайлақ сықылды

Жалтара қашқан жау қалды [2, 228].

Түйенің ақын бейнелеулерінде аталмай қалар тұсы жоқ десе де болғандай:

Жабуын Ойсылқараның

Жазы кеп алмастырады [2, 9].

Жараспаушы еді нән тұмақ,

Ботаға жазы салғандай [2, 8].

«Қара бура» өлеңінде ересен күш пен қайрат, күштіден күшті боп шыққан қара бураның алапат екпіні суреттелген.

Түс түйе боп енеден туған ірі,

Желкілдейді желкеде шуда жүні.

Шайыры ағып, аузынан көбігі атып,

Жатқызбайды күні түн буралығы [2, 35].

«Келе басы қатерлі қасқа нардан да» қайтпай жүрген бураны иесі тани қоймаған. Жетім өскен жасқаншақ көртке балап, жабулап, мұрындықтап тастайды. Ақын сыншысынан міншісі көп қазақтың бұл ісін мақұлдай қоймаған. Қара бураның қайраты мен қасиеті күндік жерден елге даңқы шыққан сары бура келгенде танылады. Сары бура да жай мал емес:

Аңыз етіп мұны ел бір көргенін,

Ұйытатын сөзіне жүрген жерін.

Түйекештер осыны ап шығаратын

Шыңырауға құлаған інгендерін.

Осылайша айласы, күші де асып,

Пысы басып жүр бәрін, пысы басып.

Сары бураның ерлігін тыңдағанда

Кетуші еді талайдың түсі қашып [2, 35].

Өктемденіп келген сары бура келе басы қасқа нарды құлатады. Қара бураның ерен қайраты мен күші осы жерде танылып, сары бураны «ақ орданы шайқалтар екпінімен» құлатып түсіреді. Сары бурамен шайқаста төгілген қайраты өзіне бақ боп қонып, енді қара бураның атағы жайылады. Иесі оның ірілігін енді көріп тамсанады:

«...Нұрсыз жұлдыз секілді еленбепсің,

Көп буыршын, қоспақтың бірі болып.

Дала омырау, піл сүйек, алып мықты,

Енді білдім мал ғой бұл анық құтты.

Биыл енді қайытсын інгендерді

Келеге сап жіберем жарықтықты» [2, 37].

Жабыны емес, жүйрікті пір тұтатын, соларға мекен болған паң даланың қасиетін арттырар осындай асыл текті жануарлар ұлттық тұрмыс тіршілік қана емес, ұлттық бітім болмысты да бейнелейді. Халық бойындағы күрескерлік рухқа дем берер, соның символындай көрінетін алып күш пен қайтпас қайрат қана ұлттық болмыстың берік қорғаны екенін ақынның осы өлеңінен аңғаруға болады. Түйені лирикалық қаһарманның көңіл күйін бейнелегенде сол ұлттық рух ретінде тану «Тағы да түйе туралы» өлеңінің көркемдік нысаны болған.

Төс табаны түрілген

Сандық өркеш сары нар.

Кеттім алыс бүгін мен,

Қош бол енді жануар.

Жырға көңілім ауып бір,

Талабымды байқарда,

Жұртта қалған ауыттың

Қос қатөбін айтам ба?! [2, 66].

Ауылмен қоштасу ақын үшін балалықпен, сондай-ақ өзі тамыр тартқан түп бастаумен қоштасу сияқты. Сары нармен сырласа тұрып, көңіліндегі бар арманды ақтарған лирикалық қаһарман

Сары шудаңды арқау ғып,

Өлең өрдім – өтпеді.

Келеді сол аңқаулық

Қараөкпедей жеп мені.

Жатпай-тұрмай әр жақтан

Сөз жинайтын мен де елдей,

Шеңгел іліп қап жатқан

Қом жүнінді тергендей [2, 66] –

деп, поэтикалық кейіптегі сары нардың шудасы мен шеңгел іліп қалып жатқан қом

жүнін өлеңмен байланыстырады. Уақыттың өткіншілігі сары нар мен ақын балаға да оңай тимеген. Уақыт өз дегенін істеген:

Сен байландың соғымға
Сары нарым келбетті.
Уақыттың қомында
Ақын бала – ол кетті.

Көріп жүріп көресін,
Ол да әйтеуір, жетілді.
Еме алмай өскен енесін
Сіргелі бота секілді [2, 66].

Ауылдағы тірліктің тұрмыстық сипатының бір деталі ретіндегі сары нардың тағдыры мен ақын баланың өмір жолы осылайша екі айырылады. Ұлттық болмыс пен сананың тұтасқан қалпына айналған сары нардан аулақ кеткен ақын өз халін «енесін еме алмай өскен сіргелі ботаға» баласа, мұның астарында заманның ызғарлы ықпалы жатқанын сезінуге болады. Ұлттық бастаулардан сусындай алмай, өркеніеттің көшіне ілеспекке жанталасқан уақыт ағыны да әсерін тигізбей қоймағанын түйсінеміз. Түйе түлігін поэтикалық-символикалық бейнеге айналдырып, рухани қалыпты андату ақынның «Түйекеш» өлеңінен айрықша аңғарылған. Ұлттық тұрмыс-тіршілік пен болмысты терең тану, сол негізде қалыптасқан бай тіл мен шалқыған сурет осы өлеңнің бойынан барынша көрінеді. Гиперболалық тәсіл, ішкі ойды төгілте толғау арқылы ақын жаңа бір көркемдік өлем кеңістігін ашқан.

Тілім-тілім, бұжыр-бұжыр денесі,
Сордай боп-боз сойыл жарған төбесі,
Борбас үлек – атасы,
Бопық мая – енесі,
Төс табаны отты басса – күймеген,
Тасты басса – қамырдайын илеген.
Қатар қойып отыз інген қайытқан,
Қатар қойып отыз шана сүйреген

Үлек жоғалттым,
Кім көрді? [2, 229]

Мифтік таным аясындағы киелілік пен күштілік тұлғасында кейіптелген үлектің ерен болмысы ерекше мадақталған. Бұл мадақ жалған яки көпірме сөз емес. Үлектің бойындағы ерекше қасиеттер мен белгілерді термелей отырып, ұлттық болмыстағы төзімділік пен қайратты, алапат күш пен өрлікті көрсетуді мақсат еткен. Үлектің жоғалуы да символдық мәнде.

Тас түнектен іздегендей сәулені,
Біздікі де өмір ғой бір әурелі.
Ол қайыттар мая да жоқ, айтпесе,

Оны ұстайтын қайрат та жоқ зәудегі [2, 229].

Өлеңдегі психологизм ақынның лирикалық кейіпкер халін беруінен айқын көрінеді. Үлекті іздеу тас түнектен сәуле іздегенмен бірдей бүгінгі заманның ағымы түп бастау көзді санадан таса еткен. Жоғалған үлекті іздеу керек пе, жоқ па – осы сауал туындаған кезде лирикалық кейіпкердің ішкі әлеміндегі ширығу мен күйзеліс барынша танылады:

Сәл қалғысам... сығылады қос өкпем,
Жүреді үлек қосақталып есекпен.
Келе түйе кеп қалғандай үстіме
Шошып тұрам түн ортасы төсектен [2, 229].

Ақынның ойынан бір сәт шықпайтын үлек – сана түбіндегі баяғы түп танымның бір жаңғырығы. Ұлт танымында ардақ тұтылған киенің ұлтпен бірге мәңгі жасайтыны ақиқат. Белгілі бір кезендерде, сәттерде ұмыт қалды делінгенмен, кешені бүгінге жалғаған алтын арқау болып келеді.

Өтіп бері уілдеген бораннан,
Қышыр-қышыр үн келеді қорамнан.
Мен түйе іздеп жүргенім жоқ ағайын,
Ашуымды іздеп жүрмін жоғалған [2, 229].

Дегенмен де, бір кездері барынша ардақталған салт пен ғұрып, қасиет кие санамызда көмескі тартқанын да мойындау керек. Түйе іздеу – жоғалған ашуды іздеу екен. Ашу – намыс пен ардың, баяғы мінез бен болмыстың бір қыры. Бүгінгі заманның қаһарманы – ашуын жоғалтып алып, рухани дүниесі жұтаң тартып, шарасыз қалған жан. Ашуын жоғалту – қайратынан, ғұрпынан көз жазуы.

Көз жазыппын қайратымнан,
Ғұрпымнан,
Сене көрме,
Мен емеспін бұл тұрған.

Іш сарайым – жап-жалаңаш, жүп-жүдеу,
Шыққан тоқты секілдімін қырқымнан [2, 229].

Жалаңаш, жүдеу қалыптағы бүгінгі рухани ахуал лирикалық кейіпкердің осы толғанысынан көрінеді. Ақынға тән нәзік сыршылдық кейіпкердің рухани халін танытуда тек осы толғаныспен шектеліп қалмай, табиғат көрінісіне назар аударуынан да көрінеді.

...Жел ұйтқиды тереземді сабалай,
Боранды іңір,
Тұрмын жетім баладай.

Арық үлек тобығындай бұлтылдап,
Бұлт ішінде батып-шүміп барады Ай [2, 229].

Боранды іңір, терезені сабалаған жел – қазіргі заманның табиғат құбылысы мен мезгілі

сипатына көшірілген бейнесі. Бұлт ішіндегі айдың арық үлек тобығындай бұлттылдап жүзуі сол ұлттық рухтың жадап-жүдеген қалпын аңғартады. Яғни бүгінгі заманның лирикалық қаһарманының халі тұтас үлекпен байланыстырыла бейнеленген. Рухани болмыстың қасиетті түйе түлігімен ауыстырыла бейнеленуіне тағы бір мысал – ақынның «Ташкент. Т. Айбергеновті еске алу» өлеңінде өленді «бауыры бұлақ бір кез мая», ақынды соның «аулақта өрген ботасы» түрінде суреттеуі:

Әлінше әркімдер де аулап көрген,

Қара өлең топ киік қой саулап келген.

Немесе бауыры бұлақ бір кез мая

Ол соның ботасы еді еді аулақта өрген [2, 88].

Жануарларды көркем әдебиетте бейнелеудің анимализм және бестиализм сияқты тәсілдері ақын поэзиясында барынша кең әрі жан-жақты жүзеге асырылғанын айта кеткеніміз жөн. **Ани-**

мализм – жануарларды өзінің табиғи сферасында өз қалпымен бейнелеу болса, **бестиализм** – «жануарлық» қалыптың қоғамдық-адамгершілік мәселелерді танытуда ауыстырыла бейнеленуі. Түйе түлігінің көркемдік мақсатта адамның рухани ахуалы, ұлттық бітімді танытуын бестиализмнің мысалы десек, өзінің табиғатымен, болмысымен танылуын анимализмге мысал етеміз.

Қорыта айтқанда түйе түлігі Есенғали поэзиясында түрлі суреттеулерге негіз болып, поэтикалық бейнелер жүйесін түзген.

Әдебиеттер

1 Эпштейн М. Природа, мир, тайник вселенной. – М., 1990. – 178 с.

2 Раушанов Е. Бозаңға біткен боз жусан. – Алматы: Раритет, 2006. – 384 б.

* * *

В статье анализируется свойственный национальному самосознанию художественный образ верблюда на основе стихотворений Е. Раушанова. Опираясь на разные изображения верблюда, автор передает национальное бытие и характер. Верблюд есть поэтический образ, это характеризует мастерство поэта, который показывает широту национальной художественной поэзии.

* * *

In the article, literary character of sacred cattle – camel in national poetic cognition is analyzed based on the poems of E. Raushanov. Conclusions are drawn about the mastery of the poet that enlarged the literary horizon of the national poetry through comprehensive representation and description of camel and its transformation to poetic character and literary object in delivering the national existence and character.